

# PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



## PLITONIT P2 – өздігінен тығыздалатын құрғақ едендік дисперсті қоспа, ГОСТ 31358-2019 сәйкес келеді



Өнім еденге керамикалық тақташаларды, төсеніштерді және паркетті төсеу үшін тұрғын және кеңсе үй-жайларындағы бетон едендер мен монолитті цемент жабындарын тегістеуге және реттеуге, сондай-ақ «жылы еден» жүйелерінде пайдалануға арналған. Тегістеу кезінде ұсынылатын қабат қалыңдығы 2-20 мм, ойықтарда - 30 мм-ге дейін. Жұмыс кезіндегі жабын температурасы - +5°C-тан +70°C-қа дейін. Жабынсыз бояуға немесе пайдалануға болмайды.

**Қаптама — 25 кг.**

- Жоғары жайылғыштық
- Қолмен және машинамен қолдану үшін ұсынылады
- Жылы еденді жылыту элементтері бар тұтастырғыштарды тегістеуді аяқтауға арналған
- Жоғары сызатқа беріктік

### Материалды тұтыну шығысы

Қалыңдығы 1 мм болатын қабат үшін 1,7-1,9 кг/м<sup>2</sup>

### Жұмысты жүргізу шарттары

Ертінді қоспасын тек жабық үй-жайларда пайдаланған жөн. Жұмыс кезінде және кейінгі 3 тәулікте температураның +10 ° C-тан + 30 ° C-қа дейінгі диапазонында сақталуын қамтамасыз ету керек. Ерітінді қоспасының температурасы жұмыстарды жүргізу барысында +10°C-тан +30°C-қа дейін болуы керек. Жұмыс кезіндегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - 60%-дан кем емес. 3 тәулік бойы бетті тікелей күн сәулесінен және өтпе желден қорғау керек.

### Дайындық жұмыстары

Негізде 20 мм-ден астам биіктік айырмашылықтары, 30 мм-ден асатын ойықтар немесе тесіктер болса, бетті алдымен ПЛИТОНИТ R1PRO дәрежі тегістегішпен тегістеу қажет. Негіз берік болуы керек (бетон маркасы B15 немесе одан жоғары, қысуға беріктігі кемінде 20 МПа-дан кем емес цемент тұтастырғышы), құрылымдық жүк көтергіш және жарықтар болмауы керек. Негіздің бетін шаңнан, кірден, әктен, майдан, майлардан, битумнан, органикалық және минералды желімдер мен бояулардың қалдықтарынан, сондай-ақ суда еритін заттардан мұқият тазалаңыз. Шаңсорғыштың көмегімен негізді шаңнан толығымен тазалаңыз. Қабырғалардан және арақабырғалардан еденнің тегістеу қабатын 1,5-2 см қашықтықта көбікполистиролдың жұқа жолақтарымен немесе полиэтилен үлдіріндегі ағаш тақтайлармен алдын ала оқшаулау қажет. Нивелирлеудің талап етілетін деңгейін анықтау үшін маяктар мен реперларды орнату қажет. Тегістелетін бетті ПЛИТОНИТ Грунт СуперПол астарымен өндеген жөн. Басқа ПЛИТОНИТ праймерлерін немесе дайын құрғақ қалдығы кемінде 8%-дан аз болмайтын астарларды қолдануға болады.

Астар щеткамен, жаққышпен немесе валикпен жағылады. Астар жұқа тұтас қабат құруы керек, шалшықтың пайда болуына жол берілмейді. Су сіңіргіштігі жоғары беттер астармен екі рет өңделеді. Астарланған беттің сапасы су сіңіргіштігінің 20-30 минуттай болмауымен анықталады. Тегіс, тығыз беттерді (монолитті бетон, шатыр арқалығының тақталары және т.с.с.) ПЛИТОНИТ Грунт БетонКонтакт праймерімен өндеу қажет .

### **Ерітінді қоспасын дайындау**

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдаланыңыз. Араластыру кезіндегі ара қатынас: құрғақ қоспаның 1 кг-ына 0,19-0,22 л су қажет (қапқа 4,75-5,5 л). Құрғақ қоспаны бөлме температурасында алдын ала өлшенген суға қосып, электр араластырғыштың немесе қондырмасы бар электр бұрғысының (айналу жылдамдығы 600 айн/мин) көмегімен біртекті консистенция алынғанша 3 минут араластырыңыз. Тегістегішті үздіксіз мөлшерленген сүмен қамтамасыз ететін араластырғыш-айдау құрылғыларының көмегімен де дайындауға болады. Дайын ерітінді қоспасын қолдану уақыты  $20\pm 2^{\circ}\text{C}$  ерітінді қоспасының температурасында 20 минутты құрайды.

### **Жұмыс тәртібі**

Жұмысты бастамас бұрын сізде екі ыдыс дайын болуы керек, құрғақ қоспаның мөлшерін, ашылған және қатарға қойылған қаптарды, суды және су өлшейтін таяқшаны беру керек. Жұмысты шығаберістен ең алыс қабырғадан бастау ұсынылады. Тегістегіштің массасы ені шамамен 50 см қабырғаға параллель жолақтармен құйылады, екі бөлік арасындағы байланыс уақыты 10-15 минуттан аспауы керек. Тегістеу массасы бетте жақсы тарау үшін кең шпательді немесе инелі валикті пайдалану қажет. Жұмыс максималды қарқынды сақтай отырып, үзіліссіз жүргізілуі керек. Егер сирек микрожарықтар пайда болса, тегістеуіш негізден аршылып кетпесе еденнің функционалдық жарамдылығы азаймайды.

### **Назар аударыңыз**

Жұмысты кем дегенде екі адамнан тұратын бригада жүргізу керек. Судың артық дозалануына жол берілмейді. Орнатылғаннан кейін 3 сағаттан ерте емес тегістелген бетпен жүруге рұқсат етіледі. Беріктік сипаттамаларын жақсарту үшін қатаю процесінің 24 сағатынан кейін еденді сүмен ылғалдандыру немесе оны пластикалық үлдірмен жабу ұсынылады. Бөлменің ені 5 м-ден асса, онда оны кеңейткіш жіктермен бөліктерге бөлу керек. Керамикалық тақташаларды төсеу 12 сағаттан кейін, кілем жабындары мен линолеум, пластикалық жабындар мен паркетті төсеу шамамен 3 күннен кейін негіздің ылғалдылығын еден жабынын өндірушінің нұсқауларында рұқсат етілген мәнмен салыстыра отырып төсеуге болады. Көрсетілген сипаттамалар қоршаған ортаның температурасы  $20\pm 2^{\circ}\text{C}$ , ауаның салыстырмалы ылғалдылығы  $60\pm 10\%$  болғанда жарамды.

### **Сақтық шаралары**

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сүмен шайыңыз. БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ!

### **Тасымалдау және сақтау шарттары**

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жабық, құрғақ бөлмелерде сақтау керек. Өндіруші ыдысындағы сақтау мерзімі – шығарылған күннен бастап 12 ай.

## Құрамы

Құм, портландцемент, минералды толтырғыш, түрлендіруші қосымшалар.

## Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын орындаған жағдайда қоспаның ГОСТ 31358 және ТУ 5745-103-515521552010 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2001 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі ( $A_{\text{eff}} < 370$  Бк/кг; SanPin 2.6.1.25.23-09 «Радиациялық қауіпсіздік нормалары» бойынша материалдар класы I (NRB 99/2009)».

## Техникалық сипаттамалар

<b>Құрғақ күйдегі қоспа үшін</b>	
Қалыңдығы 1 мм болатын қабат үшін материал шығыны	1,7-1,9 кг/м <sup>2</sup>
Толтырғыш түйіршіктерінің ең үлкен өлшемі	1,25 мм
Ірілігі ең үлкен дәндердің мөлшері	0%
Араластыруға кететін су шығыны: <ul style="list-style-type: none"><li>• 1 кг-ға</li><li>• 25 кг қапқа</li></ul>	0,19-0,22 л 4,75-5,5 л
<b>Қолданысқа дайын қоспа үшін</b>	
ГОСТ 31358 бойынша жылжымалылық	240 мм-ден кем емес
Қолданысқа дайын қоспаны пайдалану уақыты	20 мин көп емес
<b>Қатайған ерітінді үшін</b>	
Қалыпты жағдайлардағы қысуға беріктік <ul style="list-style-type: none"><li>• 1 тәулік</li><li>• 28 тәулік</li></ul>	6 МПа-дан кем емес 20 МПа-дан кем емес
Негізбен жабысу беріктігі <ul style="list-style-type: none"><li>• 7 тәулік</li><li>• 28 тәулік</li></ul>	0,6 МПа-дан кем емес 1,0 МПа-дан кем емес
Шөгү деформациясы	1 мм/м-ден аспау керек
Кеңею деформациясы	0,5 мм/м-ден аспау керек
Пайдалану барысындағы жабын температурасы	+70°C-қа дейін
Табиғи радионуклидтердің үлестік нәтижелі белсенділігі	370 Бк/кг-нан артық емес

## Логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013040458

Палеттегі қаптар саны – 48 дана.